



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

белгілі бір жерлерде кездесетін өсімдіктер мен жануарлардан хабардар ететін жол көрсететін, жол нұсқайтын болған.

Осылайша, жүргізген талдау жұмыстары осы зерттеу аясы шеңберінде Қостанай облысының топонимикалық атауларының кейбір ерекшеліктерін атап көрсетуге меңзейді. Бұған дәлел өлке тарихында ізін қалдырған географиялық атаулар болып отыр.

Қостанай облысының топонимикасында өткен уақыттан сыр шертетін құнды тарихи-этнографиялық мағлұматтар мол. Макро және микротопонимдерді, гидронимдерді, антропонимдерді, этнонимдерді жан-жақты зерттеу арқылы, тек халықтың географиялық шоғырлануын ғана емес, сонымен қатар, топонимика тарихына тың серпін беретін жаңаша көзқараспен қарауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Суперанская А.В. Что такое топонимика. – М.: Мысль, 1985. 182 с.
2. Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. - Алматы: ТОО «Аруна Ltd» - 2010, 816 с.
3. Әбдуәли Б. Біртұтас қазақ топонимикасы және Торғай өңірі // Торғай өңірінің тарихи топонимикасы»: ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2014, 156 б.
4. Сәрсекей Г.К. Ата мекен – ата-баба мекені // Торғай өңірінің тарихи топонимикасы»: ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2014, 156 б.
5. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. – Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1959, 219 б.
6. Бектасова Б.К. Қостанай облысының жер-су аттарының сөздігі, Қостанай, 1996, 114 б.
7. Әбдуәли Б. Біртұтас қазақ топонимикасы және Торғай өңірі // Торғай өңірінің тарихи топонимикасы»: ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2014, 156 б.

УДК 902

ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Иманғалиев Алмас Темірбекұлы

Imangaliyev_historian@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
тарих факультетінің IV курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - З. Дүкенбаева

Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан кейін тарих ғылымы саласы бойынша талай игі істер жасалып жатыр. XX ғасырдың 80 – жылдарынан бастап Алаш партиясының көрнекті өкілдері ақталып, Отан тарихымызда көптеген ғылыми тың өзгерістер орын алды. Зерттеуші-ғалымдар алдында егемендік алғанға дейінгі кезеңде сыңаржақты бағаланып келген XX ғасырдағы қазақ жерінің саяси-экономикалық жағдайы, жазықсыз ату жазасына ұшыраған қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін қайта жаңғырту міндеті тұрды. Осыған орай, Алаш қозғалысының көптеген көрнекті өкілдері ақталып Отан тарихымыз жаңа есімдермен толықтырып отырды. Мысалы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Бақытжан Қаратаев, Смағұл Сәдуақасов, Отыншы Әлжанов және т.б.

Соның ішінде Алаш партиясының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, тарихшы, дәрігер, жазушы, драматург, журналист Қошке Кемеңгерұлының Отан тарихымызда алатын орыны

маңызды. Бірақ та Алаш Қошкенің өмірін мен қоғамдық саяси-қызметі туралы ғылыми еңбектер санап аларлықтай. Өйткені, профессор О.Х. Мұхатова «Қошке Кемеңгерұлының тарихи көзқарастары» атты мақаласында көрсеткеніндей, қазақтың біртуар ұлдарының бірі Қошке Кемеңгерұлы екенін қара домалақ қазақтың бірі білсе де, бірі біле бермейді деп атап көрсетті. Белгілі ғалым жоғарыда аталған мақаласында: «Қошке есімі 1920-1930 жылдары аталғанымен одан кейінгі кездерде тиым салынды. Қазақ халқының бетке ұстарлары жазықсыз жазаланып, бірлерінен соң бірлері атылып жатқан тұста Қошке Кемеңгер де беймәлім жағдайда бақи дүниеге аттанып кете берген-ді. Есімі ақталып, ұрпағы алаңсыз ғұмыр кешкен кезде де Қошкенің рухани мұрасы зерделене қоймады. Ел егемендігіне қол жеткізген шақта ғана алты Алаштың бары мен жоғын түгендеуге ұмтылған зиялылар оның еңбектерін жинақтап, орысша қаріптермен қайта хатқа түсіріп, талдай бастады», - деп атап көрсетті [1, 12].

Қошке Кемеңгерұлы 1896 жылы 15 шілдеде сол кездегі территориялық бөлініс бойынша Ақмола облысы, Омбы уезі, Беке болысындағы «Ауыздағы қаржас» деген ауылда дүниеге келген. Қошке Кемеңгерұлы әкесі, ата-бабасы қазақтың қасиетті өлкесі – Баянауылда дүниеге келген. Оның ата-бабасы Баянауылдың Сарытауынан қоныс аударған болатын. Шежірелік деректерге сәйкес, Қошке Кемеңгерұлы арғынға жататын қаржас руының күлеке атты атасынан тарайды. Сол кезеңде қаржас руының атақты биі Шорман: «Омбыға барғанда, тамақ ішетін, намаз оқитын жерім жоқ», – деп, баласы Мұса оқыған кадет корпусы көрінетін Ертістің сол жақ бетінен 250 сомға жер сатып алып, сол жерге 1849 жылы өзіне және сенімді ағайыны Кемеңгер Атанұлына арнайы үй салдырып, өз қызметшілеріне тұрғын жай, малы үшін қоралар тұрғызады. Алаш қайраткері Қошке көзі ашық, берекелі отбасында туып, жан-жақты тәрбие алған [2, 43].

Белгілі ғалым Қайырбек Кемеңгер «Қошке Кемеңгерұлы және Алаш мұраты» атты мақаласында мынадай дерек келтіреді: «Мұса Мырза Кемеңгер Атановты өзінің тікелей араласуымен Омбыда ашылған болыстық кеңсенің писарьларын даярлайтын оқуға жіберген. Кейін осы төңіректі қоныстанып қалған. Кемеңгерден Дүйсенбай мен Дүйсебай есімді ұл туған. Қошке – Дүйсебайдың баласы». Дүйсенбайдың перзенттері аты: Досмағанбет, Тәшмағанбет, Нұрмағанбет, Есмағанбет, Мақыш. Ал Дүйсебайдан: Бекмағанбет, Жармағанбет, Құлмағанбет, Қошмұханбет (Қошке), Өсербай атты бес ұл, Нұржамилә, Сәнипа, Ханипа есімді үш қыз тарайды.

Қошке Кемеңгерұлы әкесі Дүйсебай діндар болған адам. Діндар Дүйсебай ерте жастан хақ жолына түсіп, бойдақ күнінде-ақ Меккеге барып келіп, қажы атанады. Шорман сияқты биге жақын болғандықтан, Дүйсебайдың ауқатты болуы да заңды құбылыс еді. Қошкенің жан-жақты шығармашылық қабілеттерінің дамуына оның әкесі жетекші рөл ойнай білді. Қошке бала кезде өзінің алғырлығымен көзге түсіп, әкесінің қамқорлығымен алғашқы сауатын молдадан ашады. Мұсылмандық парыздың ең негізгісі – баланы оқыту екенін жақсы түсінген Дүйсебай ұл-қызын түгел молда, мұғалімге беріп, хат танытады. Тек арабшамен ғана шектеліп қалмай орыс тілін де үйретеді. Ал Қошкенің өз есімінің қасына «Кемеңгерұлы» деп көрсетуінің себебі ол кезде «ұлы» деген жұрнақ қазіргі «ов» немесе «ев» қосымшаларының баламасы болып табылатын.

Қасиетті Меккеге барарда ол Атығайдың беделді мырзасы Қартабаймен сапарлас болады. Жас Дүйсебайды Қартабай қатты ұнатып, елге келгенде оған Жәмила қызын өз қолымен ұзатады.

Қошке алғаш Белгібай молдадан дәріс алып, мұсылманша сауат ашқан. Одан кейін Омбыда шіркеу мектебінде, ветеринарлық-фельдшерлік мектепте оқыды. Алғаш христиан дініне тарту үшін ашылған приход школдары мұсылмандардың ниетін аңғарғаннан кейін (олар балаларын бермегеннен соң), басқа діндегілерді «Құдай заңы» (Божий Закон) сабағынан босатқан-ды. Жас Қошке осы школдан орыс тілін, басқа да пәндердің негіздерін үйреніп шығады [3, 121].

Қошке (Қошмұхамбет) 1913 жылы 1 тамызда Омбы ауылшаруашылық училищесінің ауыл шаруашылығы бөліміне түсуге талапкерлер қатарында 34-ші болып құжатын тапсырады. Осы жылы аталған білім ордасына Қошкемен бірге Ахмет Әбдірахымұлы, Смағұл Қазыбекұлы, Мұхтар Саматұлы сынды шәкірттер де түседі. Бұлардан бір жыл бұрын училищеге Сүлембек Байжанұлы, Бірмұхамед Айбасұлы, Асфандияр Шорманұлы секілді қазақ балалары қабылданған екен. 1916 жылы бұл оқуға Смағұл Садуақасұлы түседі. Сонымен Қошке бастаған Омбы шаһарындағы оқуға ұмтылған шәкірттер Алаш жастарының бір жерге ұйысып, топтасуына мұрындық болды [4, 5].

Осыған орай Қошке Кемеңгерұлының тұлғалық және қаламгерлік қасиетінің қалыптасуы, Алаштың белгілі өкілдерімен байланыста болуына Омбы шаһарының маңызы зор еді. Филолог Қайырбек Кемеңгер «Омбыда оқыған қазақтар» атты еңбегінде Омбы қаласының тарихи ерекшелігіне тоқталып өтті. Бұл қалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында бір топ Алаш зиялылары оқып білім алды. Сондай-ақ осы өңірде қазақ журналистика саласы да жұмыс істеп отырды. Мысалы, «Дала уәлаятының газеті» 1888-1902 қазақ қайраткерлерінің бастамасымен шығып отырды. Сонымен қатар, XX ғасыр басында бұл тарихи маңызы бар қалада көптеген тарихи тұлғаларымыз Омбы ауыл шаруашылық училищесі, Омбы оқытушылар семинариясында білім нәрін сусындады. Соның ішінде Омбы ауыл шаруашылық училищесінде Смағұл Садуақасұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Ахмет Абдырахымұлы, Рахымбек Толыспайұлы, Жүніс Бабатайұлы, Аспадияр Шорманұлы, Сүлейімбек Бижанұлы Жарқымбек Көбенұлы секілді шәкірттер білім алды. Ал Омбы оқытушылар семинариясында Мағжан Жұмабайұлы, Сәкен Сейфуллаұлы, Гуля Досымбекқызы, Дінше Әдіұлы, Ғаббас Тоғжанұлы қайраткерлерін атауға болады.

Алаш зиялылары өмір сүрген заман өте ауыр болды. Өйткені, Кеңес үкіметінің отаршылдық саясаты қазақ халқын мезі қылды. Шынтауайтында, екі жүз жыл Ресей империясының құрамында болып, дінімізден, тілімізден айырылып қалу қауіптері де болды. Білім алу үшін келген интеллигенция өкілдері орыс халқының тарапынан болып жатқан құбылыстарына мойынсұнбай қарады. Олар: тек оқысақ ғана халқымызға көмегімізді тигіземіз, орысша сауатты қазақ кез-келген ұлт өкілімен терезесі тең болады» деп ойлады. Осылайша Алаш қозғалысының өкілдері білімдерін алып, қазақ халқы армандаған Тәуелсіздік жолындағы күрестерін бастады [5, 6-7].

Дихан Қамзабекұлы «Әлихан «Қарағым Қошке дейтін» атты мақаласында Қошке Кемеңгерұлының өмір жолына сараптама жүргізді. Осы аталған еңбегінде Алаш Қошкенің 1917 жылы да, одан кейінгі жылдарда да төңкеріске емес, ұлтына қызмет ететіндігі жөнінде мәліметтер қалдырды. Қошке Кемеңгерұлы 1918 жылы училищені бітіргеннен кейін Омбы губернелік халық-ағарту бөлімінің саны аз ұлттар ісі жөніндегі бөлімшесінде нұсқаушы болып қызмететке алынды. Алаш осы қызметімен қатар Қызылжар қаласында жарық көріп отырған «Бостандық туы» газетін шығаруға белсене араласады. Кейін 1919 жылы Омбы политехника институтында оқуға түсіп, тек бір жыл ғана оқиды. [6, 146].

Қорытындылай келе, егемендік алғаннан кейін Алаш азаматтарының атқарған ерен қызметтері мен өнегелі өмір жолын біле бастадық. Кеңестік империяның құрсауында өмір сүрген қазақ елінің ғылым саласы бұрмаланып отырды. Соның ішінде XX ғасырдың 80-жылдарында есімі елге белгілі болған Қошке Кемеңгерұлы еді. Алаш Қошке тұлғалық қалыптасуына әкесі Дүйсебайдың және Әлихан Бөкейхан бастаған қайраткерлердің ықпалы өте зор болды. Кейін өз білімін жалғастыра отыра, Әлихан Бөкейхан Нұрмұхамедұлы бастаған Алаштың ірі топ өкілдерімен ерене байланыс жасап, қазақ халқының еркіндігі мен бостандығы және егемендігі үшін өз күресін жүргізді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұхатова О.Х. Қошке Кемеңгерұлының тарихи көзқарастары// О.Х. Мұхатова, Ш. Нұсқабаев // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2011. – №1. 12 б.

2. Каренов Р.С. Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлының ұлтты дамыту жолындағы ізденіске толы қызметі // ҚарМУ Хабаршысы. Тарих.Философия сериясы. – №2 (70) – 2013. 43 б.
3. Д. Қамзабекұлы Қошке Кемеңгерұлының қаламгерлік және қайраткерлік жолы. «Қ. Кемеңгеров тағылымы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2006. – 121 б.
4. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Алаш, 2013. Б. 5. б.

УДК 93(574)

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧЕНЫХ И НАУЧНЫХ СОТРУДНИКОВ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ОПЫТНЫХ ЛАБОРАТОРИЙ КАРЛАГА ПО ЖИВОТНОВОДСТВУ

Кабылбекова Ботагоз Талгатовна

kabilbekova_93@mail.ru

магистрант 2-го года обучения ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А. Рахимбекова

В 1931 г. на территории Центрального Казахстана советской властью был создан Карагандинский исправительно-трудовой лагерь, именуемый в народе как Карлаг. Согласно инструктивным документам лагерь должен был стать крупной продовольственной базой для бурно развивающейся угольно-металлургической промышленности региона. Поскольку лагерь имел сельскохозяйственное направление к концу 1930-х годов при нем были открыты сельскохозяйственные опытные станции по животноводству и растениеводству. В данной статье мы рассмотрим историю функционирования лаборатории по животноводству, а также научную деятельность ученых-заключенных в данной лаборатории.

Основные материалы по истории образования и деятельности лаборатории по животноводству были найдены в Научном архиве Карагандинской сельскохозяйственной опытной станции совхоза НКВД. Они представлены научными трудами ученых-заключенных и сотрудников, а также делопроизводственные материалы в формате отчетов, докладных записок, протоколов заседаний и т.д.

В «Трудах научно-исследовательского сектора Карлага НКВД» в 1935 году была опубликована статья В.Крюкова «Итоги животноводства Карлага», в которой приводятся данные о начале организации животноводческого хозяйства Карлага. Автор статьи относит время образования животноводческого хозяйства Карлага к осени 1931 года, когда «с пунктов мясозаготовительных организаций было привезено более 20 тысяч голов крупного рогатого скота, преимущественно коров с телятами более и двух десятков тысяч овец» [1, л. 4].

Характеризуя структуру стада, в работе отмечается, что прибыло оно в «бракованном состоянии и потому, раньше, чем поступить в хозяйство оно подверглось тщательному ветеринарно-зоотехническому просмотру». Около 35% поголовья не было годным. Остальные 65 % были оправлены на комплектование стада. Скота было больше, чем следовало по кормам и наличию помещений [1, л. 4].

При характеристике стада отмечалось, что в породном отношении оставленное для комплектования стада поголовье представляло весьма пестрый материал. Здесь преобладали метисы казако-калмыкской популяций всех оттенков, встречались животные со следами симментала, красно-немецкой породы и некоторых других. Из характерных особенностей местного скота отмечено исключительная выносливость к холоду. В первую зимовку помещений оказалось мало, скот размещался тесно. Отдельные животные отказывались